



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Валюта нарығындағы жағдай



ТЕҢГЕ БАҒАМЫ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ

- ✓ 2015 жылы **инфляциялық таргеттеу саясатына** көшкендіктен ұлттық валютаның **еркін өзгермелі айырбас бағамы режимі** енгізілді
- ✓ Қолданыстағы режим **сыртқы күйзелістерді** лезде сіңіруге және экономикадағы **теңгерімсіздіктерді** жинақтамауға мүмкіндік береді


Теңге бағамына әсер ететін негізгі факторлар

Сыртқы факторлар



Әлемдік мұнай бағасы

Негізгі сауда серіктестердің
валюта бағамы



Жаһандық инвесторлардың
тәуекелге тәбеті

Сыртқы нарық конъюнктурасы



Ішкі факторлар



Төлем балансының жағдайы

Салық төлеу мерзімдері



Бюджет қаражатының қозғалысы

Нарық қатысушылары мен
халықтың күтулері





ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ ВАЛЮТА НАРЫҒЫНА ҚАТЫСУЫ

Ұлттық Банк нарықтық валюта бағамын қалыптастыруға **араласпайды**.
Нақты теңге бағамы **мақсатты түрде белгіленбеген**.

- ✓ Валюта нарығындағы интервенциялар **шekten тыс құбылмалылықты тегістеу, сондай-ақ қаржылық тұрақтылыққа қауіп төндірмеу мақсатында жүзеге асырылады**.
- ✓ Ұлттық қор қаражатымен операцияларды жүзеге асыру кезінде **нарықтың бейтараптығы мен ашықтық қағидаты** сақталады.
- ✓ Ұлттық Банк барлық валюталық операциялардың **толық ашықтығын** сақтай отырып, валюта нарығын ырықтандыру саясатын ұстанады.
- ✓ Ұлттық Банк жүргізіп жатқан валюталық операцияларға қатысты өте белсенді **коммуникациялық саясат** жүргізеді. Ай сайын Ұлттық Банктің ішкі валюта нарығындағы барлық операциялары туралы оларды жүргізудегі мақсат пен себептерін көрсете отырып ақпараттық хабарламалар жарияланады.



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару



БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН БАСҚАРУ

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі **«Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің** талаптарына сәйкес БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады
- БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялаудың негізгі мақсаты – олардың сақталуын қамтамасыз ету және ұзақмерзімді кезеңде **нақты табыстылықты** (*инфляциядан жоғары*) алу
- БЖЗҚ зейнетақы активтері **нарықтық жағдайларда** түрлері (*акциялар, облигациялар және т.б.*), елдері, эмитенттері және валюталары бойынша әртүрлі қаржы құралдарына инвестицияланады
- БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау БЖЗҚ сайтында орналастырылған **БЖЗҚ Инвестициялық декларациясында** белгіленген шарттар мен шектеулерге сәйкес жүзеге асырылады (www.enprf.kz) «Зейнетақы жүйесі туралы» бөлімде
- БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет ашық саналады. БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқаруға байланысты барлық ақпарат (*портфель құрылымы, басқару нәтижелері, жасалған мәмілелер туралы мәліметтер және т. б.*) **ай сайын** БЖЗҚ сайтында жарияланады (www.enprf.kz) «Көрсеткіштер» бөлімінде



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Ұлттық қордың активтерін басқару



ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ

✓ Ұлттық қордың негізгі мақсаттары:

- **Болашақ ұрпақ үшін** жинақ қалыптастыру арқылы **қаржы ресурсын үнемдеу**
- Республикалық бюджеттің **әлемдік шикізат нарықтарындағы** жағдайға **тәуелділігін төмендету**
- ✓ 2024 жылғы қаңтардан бастап **«Ұлттық қор – балаларға»** бағдарламасы іске қосылды, оның аясында Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50%-ы балалардың 18 жасқа толғанға дейінгі арнайы жинақ шоттарына аударылады.
 - 2025 жылы 2023 жылдың қорытындысы бойынша **889 млн АҚШ доллары** мөлшерінде нысаналы талаптар қалыптастырылды, оның ішінде 18 жасқа толған балалардың шоттарына шамамен **76 млн АҚШ доллары** жіберілді. Төлемдерді шегергендегі нысаналы талаптардың жиынтық сомасы **1 498 млн АҚШ долларын** құрады
 - 2025 жылы бағдарламаға қатысушылардың шотына әр балаға **129,38 АҚШ доллары** есептелді
- ✓ ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Ұлттық қордың көлемін 2029 жылдың соңына дейін **100 млрд АҚШ долларына** дейін жеткізу мақсаты қойылды
 - Алдын ала мәлімет бойынша, Ұлттық қордың валюталық активтері 2024 жылдың соңында **58,8 млрд АҚШ долларын** құрады
 - 2024 жылдың қорытындысы бойынша, алдын ала деректерге сәйкес Ұлттық қордың валюталық активтерін басқарудан түскен табыс **7,5%** кірістілікпен **4,5 млрд АҚШ долларын** құрады
- ✓ ҚРҰҚ активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет ашық жүргізіледі. Ұлттық қордың активтерін басқаруға байланысты барлық ақпарат ай сайын Ұлттық Банктің сайтында «Статистика» бөлімінде жарияланады



ҰЛТТЫҚ ҚОРДАН ҚАРАЖАТ АЛУ КӨЛЕМІН ШЕКТЕУ

- ✓ Алдыңғы 10 жылдағы ЖІӨ-нің орташа нақты өсу қарқынына инфляция бойынша мақсатты көрсеткішті қосу арқылы есептелген деңгейден аспайтын республикалық бюджеттің жоспарланған шығыстарының өсу қарқынына тікелей шектеу қоятын контрциклдік бюджет ережесі әзірленді.
- ✓ Мұнайдың есептік бағасы («шектеу бағасы») бойынша болжанатын мұнай секторының Ұлттық қорға түсетін түсімдер көлемінен аспайтын мөлшерде кепілдендірілген трансферт көлеміне шектеу қойылды.
- ✓ ҚР Президентінің «Экономиканы либерализациялау шаралары туралы» Жарлығы шықты, оған сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілеріне Ұлттық қордан нарықтық емес шарттармен мемлекеттік қаржыландыруға тыйым салынады.
- ✓ Ұлттық қор қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаларды сараптаудың механизмі әзірленді. Бұл механизм бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау үшін цифрлық теңгенің мүмкіндіктерін де қарастырады.

Қазіргі Ұлттық қор активтерін басқару саясаты 2030 жылға қарай активтерді 100 млрд АҚШ долларына дейін жеткізуге көмектеседі. Бұл ауқымды бастамаларды іске асыру Ұлттық қор активтерін барынша жинақтап, соның ішінде қаражат алуды шектеу және қорды толықтыру арқылы жүзеге асырылуға тиіс.



ҰЗАҚ МЕРЗІМДЕ ҰЛТТЫҚ ҚОР АКТИВТЕРІНІҢ ТАБЫСТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Дамыған елдердегі **облигациялардың** үлесі **80%** және **акциялардың** үлесі **20%** болатын консервативті үлестіру Ұлттық қор активтерінің табыстылығын арттыруға **мүмкіндік берген жоқ**

- ✓ **Облигациялар үлесі 60%** және **жоғары табысты активтер үлесі 40%** болатын жаңа аллокация әзірленіп, оған көшу **2019 жылы басталып, 2023 жылдың соңында аяқталды**
- ✓ **2023 жылы жинақтаушы портфельдің құрамында баламалы құралдар портфелі қалыптастырылды, оның үлесі 2,89% болып, нарықтағы құны 1,5 млрд АҚШ доллар болды**

Активтердің теңгерімді аллокациясына көшу Ұлттық қор активтерінің ұзақмерзімді перспективадағы әлеуетті табыстылығын жылына 1%-ға арттырады.